

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы  
«Геодезия және картография колледжі» коммуналдық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорыны



Бекітемін  
Колледж директоры  
Б.А.Салакчинов  
« 10 » 2013 ж.

«ВИЗИР» ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ  
НҰСҚАУЛЫҚ

**Студенттің өзін-өзі басқаруы** – бұл колледж жастарының бастамаларын іске асыруы бойынша барлық студенттерді біріктіретін қоғамдық студенттік қозғалыс.

**Қызметтің негізгі бағыттары болып табылады:**

- колледждің әртүрлі саласында студент жастардың бастамаларын дамыту;
- студенттердің шығармашылықтарын ынталандыру;
- колледждің салт-дәстүрін қалыптастыру;
- студенттердің әртүрлі әлеуметтік мәселелерін шешу;
- осы колледждің білім алушысы ретінде студенттің мақтаныш сезімін ояту.

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Геодезия және картография колледжі» КМҚК негізінде әлеуметтік рөлдік қызметін орындау және дамыту үшін студенттік жастар қоғамын құру мақсатында «Визир» жастар орталығы құрылды.

1.2. «Визир» Жастар орталығы – бұл колледждің 2-4 курс студенттерінен құрылған, жастар қоғамдық ұйымына негізделген өз еркімен қоғамдық өзін-өзі басқару ұжымы.

1.3. Жастар орталығы колледж жарғысын, «Визир» жастар орталығы негізгі ережелерді басшылыққа алады.

1.4. Жастар орталығы өз қызметін педагог – ұйымдастырушымен, қалалық қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырады.

1.5. Жастар орталығы келесі міндеттерді атқарады:

- колледж студенттерінің адамгершілік, физикалық, рухани, кәсіби бағыттарға деген бастамаларын қолдайды және дамытады;
- жастардың кәсіби дағдыларын жетілдіру, мамандықтың беделін арттыруы бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- студенттердің мәдени - адамгершілік қажеттіліктерін қанағаттандыру бағытында әр түрлі бағдарламаларды іске асырып, жоспарлауды ұйымдастырады;

1.6. Осы ереже жастар орталығының мәртебесін, құрылымдарын, қалыптастыру ережелерін, құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

1.7. Осы қосымшаның жұмыс істеу мерзімі шектелмеген. Қызметтің уақытын анықтайтын нормативті - құқықтық құжаттарды өзгерткенде қосымшаға бекітілген рет бойынша өзгерістер енгізеді.

### **2. «Визир» жастар орталығының міндеттері.**

2.1. Студенттердің сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру.

2.2. Жастардың өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру, құрылымын ұйымдастыру.

2.3. Болашақ мамандардың оқу орнына, жастар орталығына деген мақтаныш сезімдерін ояту.

2.4. Оқу орынында дінге және саяси партияға, үгіт-насихат жүргізуге жол беру.

### **3. Орталық құрылымы**

3.1. Жастар орталығының жалпы жиналысы жоғарғы орган болып табылады.

3.2. Жастар орталығы бұл оқу орынынан тыс әртүрлі деңгейдегі барлық колледж студенттерінің мүдделерін білдіреді.

3.3. Жастар орталығы студенттерінің негізгі функциялары және қызмет бағыттары:

- колледждегі студенттердің бастамалары мен қозғалыстарын үйлестіру;
- колледж әкімшілігіне оқу - тәрбие үрдісін жетілдіруі бойынша ұсыныстар енгізу;
- колледж студенттері мен туындаған жанжалды жағдайларды шешуге, әкімшілік және алдын-алу комиссиясының жұмысына қатысу;
- колледждің ішкі ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету.

### **4. Жастар орталығының мүшелері**

4.1. «Визир» жастар орталығы мүшелеріне кірген 2-4 курс студенттері жастар орталығы мүшелері болып табылады.

4.2. ЖО мүшесі мына жағдайларда құқығы бар:

- жастар орталығы іс-шараларға қатысуға;
- өз қызметтері бойынша туындаған сұрақтарды басшылық органдардың қарастыруына ұсыныс жасауға;
- өз құзіретіне кіретін барлық мәселелер бойынша дауыс беру құқығымен жалпы жиналысқа қатысуға;
- жастар орталығы ұйымынан өз еркімен шығуына;
- кеңес мүшелерін таңдауға және өз қызметін ұсынуға;
- жастар орталығының жалпы жиналысында шешім қабылдау барысында бір рет қана дауыс беруге;
- жалпы жиналыстың өткізуіне 3(үш) күн қалғанда өз ұсыныстарын жазбаша түрде күн тәртібіне сай енгізуге;
- жастар орталығының жалпы жиналысында қойылған сұрақтардың қорытындысы бойынша сөз сөйлеуге, ұсыныстар жасауға, пікірін айтуға, дауыс беруге;
- кеңес мүшелерінің кездесулеріне қатысуға;
- жастар орталығының барлық іс-шараларына және отырыстарына қатысуға.

### **5. Жастар орталығының мүшесі міндетті:**

- жастар орталығының ереже - талаптарын орындауға;
- жастар орталығына қатысты қабылданған міндеттемелерді орындауға;
- жастар орталығы мүшелерінің құқықтарын және қызығушылықтарын құрметтеуге;
- кеңес шешімдерін дұрыс орындауға және оны жүзеге асыру туралы есеп беруге;
- ЖО мақсаттарына қол жеткізуге және алдында тұрған міндеттерді шешуге, ықпал етуге.

## **6. Жастар орталығының жұмыс бағыттары**

4.3. ЖО білім беру мекемесінің тәрбиелік жұмыс жоспарымен келісілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмысты ұйымдастырады.

4.4. Жастар орталығының негізгі қызмет міндеттері мен бағыттары:

- студенттерді сапалы білім алуына бағдарлау;
- өмірдің түрлі салаларында студенттік бастамаларды дамыту және ынталандыру;
- студенттік өмір салтын қалыптастыру;
- студенттердің шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- студенттік өмірдің әлеуметтік мәселелерін шешу;
- белсенді студенттерді көтермелеуді, марапаттауды қарастыру және бекіту. Әр түрлі колледжішілік жарыстар және мерекелік іс – шараларды өткізу;

### **«Визир» жастар орталығы жұмысының ұйымдастырылу тәртібі.**

Ережені толықтыру және өзгеру бойынша ұсыныстарды жастар орталығы мүшелері жазбаша түрде жастар кеңесіне ұсынады. Осы ұсыныстарды жалпы жиналыста жастар кеңесі қарастырып, шешім қабылдайды.